

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ОЙЛАРЫ

Мәшһүр-Жүсіп еңбегі ұзақ жылдар бойы қалтарыста келді. Кеңес үкіметінің қатаң қадағалау астына алуының өзіндік дәйектемесі де жоқ емес еді. Себебі сол уақыттағы пролетариаттық қоғам құру жолындағы үкіметке қандай да бір халықтық құндылықтың қажеті шамалы болатын. Ал, Мәшһүр бала жастан ұлт құндылықтарын асқан зеректікпен бойына дарытқан, нағыз құйма құлақтың өзітің. Мәшһүр балалық шағы жайындағы естелік өлендерінде шар кітабын, (арабша шарх-түсіндірме) наху кітабын, (араб тілінің грамматикасы) фикх — құқықтану, мұхтасар сияқты және т. б. кітаптарды мән мағынасымен өзгелерден бұрын меңгеретіндігін өзіндік хикаятпен жеткізсе, «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш» жырларын Мұсаның алдында жырлауын «Мәшһүр» атын қосақтауға байланысты өлендерінде айтып өтеді. Бала жасынан қазақ мәдениетіне деген ықыластығын аңғару қиын емес. Бұдан байқағанымыз Мәшһүр еңбектерінің бүгінгі күнге дейінгі мекені мұрағат сөрелері болғандығына үш бірдей себеп бар деп тұжырым жасауға болатындығы: Біріншісі, жоғарыдағы кітаптар негізіндегі ислам діні. Ислами түсініктегі Мәшһүрдің атына, жана қоғамдық қатынаста (кеңестік) керітартпа, панисламист, мракабест деген «таңбалы мөр» басылуы еді. Екіншісі, ұлт дінгеі — тарихи жады. Мәшһүр қағазға түсірген әдебиет, тарих, мәдениет жауһарлары. Яғни, кеңестік үкіметтің өресі бойынша, Мәшһүрмен бірге небір ұлт саңылақтары бірге көмілу керек еді. Өйткені олар туралы, олардың қайраткерлігін, ескірмес даналық нақыл сөздерін алғашқылардың бірі болып, Мәшһүр қағазға түсірген болатын. Үшіншісі, 1907 жылы шыққан антиотарлық үш бірдей кітап. Бұл кітаптардың жарыққа шығу тарихы өз алдына бөлек мақаланың өзегі. Біздің айтпағымыз осы жағдайдан кейінгі Мәшһүрдің жай-күйі. Ақынның Бұхара, Ташкент, Түркістан бағытына қарай үш мәрте сапар шеккені мәлім. Осы үш сапарының соңғысы кітаптарының жариялануынан кейін болып отырған жағдай. Бұл Мәшһүр соңына шам алып түсудің және еріктен тыс жер аудару тәсілінің басы болатын. Осы тұста ресей билігіндегі тартыс ушығып, ал Мәшһүр мәселесі жайына қалған болуы керек. Бірақ бұл саяси із кешу қай биліктің болсын тарапынан тыс қалмады. Тіпті өз ажалынан дүниеден өтпегенде, кім біледі, репрессия құрбандарының кебін кимек пе еді?! Бұндай ойдың себебі, сол жылы, сол күз айында аяулы қазақтың тағы бір перзенті оққа ұшпады ма?

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (1858-1931) бес жасында сауатын ауыл молласынан дәріс тыңдау арқылы ашады. Оның өмірлік көзқарасының қалыптасуына мұрындық болған алғашқы ұстаздарының ішінде Камарадин атты қазіреттің есімі ерекше аталады. Оны Мәшһүр ықыласынан да байқай аламыз. «Біздің сегіз жасқа толған кезімізде қоян жылы Қамардин хазірет Омбыдан көшіп, Баянаулаға келді» десе, жоқтау өлеңінде: «Келтірді құдай айдап біздің елге, Кенелді дария теңіз, шалқар көлге. Әкелген

себеп болып Мұса мырза, Қанша дұға қылсаң аз сондай ерге! Шәкірттер жиналысты әр тараптан, Үлгі алды: фикке, наху, парсы, арабтан. Баһырасы жұққан жанға сондай болды, Көкелташ, оқығандай, Мерғарабтан». Осы туындыдан Қазіреттің білімі айтарлықтай жоғары деңгейде болғандығын аңғарамыз. Яғни, ақынның сөзімен айтсақ «он екі пән» білімі болған дейді. Бұхарадағы Көкілташ медресесінен білім алғандығын баян етеді. Кейін бұл медреседе Мәшһүр де білім алған. Бұл медресенің қазақ даласындағы сауаттылықты насихаттауындағы үлес-салмағы айтарлықтай болғанын, біз білетін тарихта берісі Бұқар-жыраудан, әрісі Арғын бабадан бастау алады. Көкілташ ислами сопылық ілімнің бір тармағы нақышбандия тарихаты мектебінің бірі болғандығы белгілі. Бұған Мәшһүрдің: «Келеді шығып жаңа ащы терім, Шабуға бүктетіліп жетпей жерім. Күндіз-түні басыма пана болған Қожай - Баһауалдин кәміл пірім» — деуіндегі сабақтастық арнасының алтын желін байыптау қиындық тудырмайды. Мәшһүр феноменінің қалыптасуына мүмкіндік туғызған сол кезеңдегі саяси-әлеуметтікахуал деп тануымыз қажеттілік. Бұл жайында сөз қозғамай Мәшһүрдің тарихи болмысын елестету мүмкін емес деп ойлаймыз. Өйткені Мәшһүр дәуір құндылықтарының алмасу кезеңінде балалық шағын өткерді. Бұл қандай алмасу десек, елдің көшпеліліктен отырықшылыққа өту кезеңі болатын. Жүздеген жылдарға ұласқан екі жақ теке-тіресі Кенесары көтерілісі арқылы аяқталды деп түйеміз. Жеңімпаз отаршы елдің бұндай қарқынды қарсылықтан түйгені болса керек, ендігі саяси қадамын ойлана айла-әдіске салу қажет екенін ұққандай. Империяның ойлануына біраз уақыт кеткеніне ұқсайды. Немесе, кескілескен үлкен жауының аяқ асты ыдырауы масаттандырып не абдыратып тастаған. Ал, қазақ халқы болса, осы уақытта біраз перзентін дүниеге әкеліп, оған ғылым білімін (бұл жерде ғылым білімі деп ислам діні, ислам мәдениетінің қыр-сырын, өзін, өзінің болмысын тану ілімі) беріп үлгерген деуімізге болады. Яғни, осы бір уақыт аралығында ел іші аз да болса, арқаларын кеңге салғанға ұқсайды. Олай дейтініміз осынау тұста дүниеге келіп, қазақтың маңдай алды ұлдарына айналған Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр, Ғұмыр Қараш т. б. ізденіс жолында хакімдік, ғұламалық, әулиелік деңгейге көтерілді. Бұл осы тарихи кезеңдік құбылыс еді. Тарихта қазақтың қазақ болғалы алаңсыз күн кешуі болмады десе де болатындай. Аттың жалы, түйенің қомында жаугершілік тірлігі өнердің бір түрі ғылым білімін меңгеруге мұрша бермеді. Бұл жайында тіпті Мәшһүр бұрынғыдан қалған мынандай үлгілі сөзді де келтіреді: «батыр деген бір барак ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақ шарифат ілуде бірақ қатын табады.» Әрине, бұл қағиданың алғашқы бөлігі сол заманның әлеуметтік өмір сүру қатынастарына тікелей байланысты еді. Бірақ Мәшһүр дәуірі басқаша көзқарасты талап етті. Бұл көзқарас, заман - «білекті бірді, білімді мыңды жығады» принципіне негізделген болатын. Ендігі таңда орыс бодандығынан білім арқылы шығудың амалдары қарастырыла бастағандай. Бұған себеп, Қарқаралыда Құнанбай қажының, (1851) Баянаулада Мұса мырзаның (1861) мешіт-медресе салуы көп сырды аңғартатынға ұқсайды. Өйткені, дүркін-дүркін бой көтерген ұлт азаттық көтерілістердің тас қамалдай болып қаруланған патша әскеріне айбалта, шокпар арқылы қарсылық көрсетуі заманның прогрессивті алға жылжуын мойындағысы келмесе де мойындатарлықтай көріністер еді. 1916 жылы 18 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді әскерге шақыру саясатына наразы, бір топ Баянаула жастары көтерілсе керек. Оның ішінде Мәшһүрдің ортаншы ұлы Мұхамед Әменде бар, Мәшһүрден бата алмақшы болғанда, оң қабақ танытпауы заманның өзге қырынан келгендігін ескеретінін аңғару қиын емес. Айта кететін жайт, ел ішінде Мәшһүр-Жүсіп Абайға әлде қандай саясатқа байланысты құпия хат жазыпты-мыс деген әңгіме кездеседі. Бұл ақиқатында осылай ма, әлде кездейсоқтық па? Мәшһүр-Жүсіптің нақышбандия тарихатымен байланысын жоғарыда айттық. Ал, нақышбандишылар әу бастан орыстың отарлау саясатына тікелей қарсы іс-әрекеттер жасаған дейді теолог ғалым Д. Кенжетай. Сондықтан да отарлаушы тарапынан «бандит» деген ұғым «бандия» сөз тіркесінен пайда болған дейді. Бұл тұжырымның негізі барға ұқсайды. 1918 жылдары орыс экспедициясы Бұхараға қарай шығады дегенді естіген жұрт Көкелташ медресесін өртеп, барлық әдебиет атаулысын орыстың қолы жетпес мұсылман елдерінің тереңіне алып кеткен деген де сөз бар. Бұдан шығатын қортынды Мәшһүрдің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарының 1907 жылы шығуының мәнін және жарияланған өлеңдерінің мазмұнынан әділетсіздікке қарсылықтың негізін көреміз. Сондай-ақ, бұл еңбектер «қамауға алынғандығын», Ақынның ел ішінде өзін «Мүсәпір» атап қара тізімге іліккендігін айтуға болады. Бұдан шығатын қорытынды жалаң қол, көзсіз ерлікке баруды заман талабы көтермейтінін Мәшһүр жан-дүниесімен ұққандай. Қалай болғанда да Мәшһүр, ғылым-білім мәселесінде батыстық материалдық құндылықтарға бағытталған білімнен гөрі, адамшылық нормаларға негізделген ғылым білімінің жолын ұсынады.